

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ
ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ПӘНДЕРІ БОЙЫНША МҰҒАЛІМДЕРДІ ДАЯРЛАУ
БАҒЫТЫ БОЙЫНША АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТ
КЕЗЕКТЕН ТЫС МӘЖІЛІСІНІҢ
№__3_А_ ХАТТАМАСЫ**

Түркістан қаласы

16.04. 2025 жыл

Қатысқандар: АК төрайымы:

1.Сарыбаева Ә.Х.

Физика кафедрасы, п.ғ.к., доцент

АК мүшелері:

- | | |
|---|---|
| 1. Сарбаева Гүлнар | Экология химия кафедрасы, техн.ғ.к., доцент |
| 2. Жылысбаева Гүлхан Нұрділләқызы | Экология химия кафедрасы, техн.ғ.к., доцент |
| 3. Берді Динара Кадирханқызы | Экология химия кафедрасы, PhD, аға оқытушы |
| 4. Сарбаева Мақпал Тұрсынбайқызы | Экология химия кафедрасы, PhD, аға оқытушы |
| 5. Шектібаев Нұрдаулет Әтенұлы | Физика кафедрасы, PhD, аға оқытушы |
| 6. Катпаева Каракөз Абдисейтовна | Физика кафедрасы, PhD, аға оқытушы |
| 7. Турганбаева Жаннұр Нұртаевна | Математика кафедрасы, PhD, аға оқытушы |
| 8. Мұратбекова Мөлдір Абдразақовна | Математика кафедрасы, PhD, доцент м.а. |
| 9. Тойжигитова Баян Бойтаевна | Биология кафедрасы, PhD, доцент м.а. |
| 10. Сейтметова Айман Мараимовна | Биология кафедрасы, б.ғ.к. доцент м.а. |
| 11. Умиров Бауыржан Зайтович | Биология кафедрасы, магистр оқытушы |
| 12. Беласарова Шынар Мағжанқызы | Экология химия кафедрасы, аға оқытушы |
| 13. Алтынбек Динара Нысанбайқызы | Математика кафедрасы, оқытушы |
| 14. Кошанова Гулназира Данебековна | Математика кафедрасы, пед.ғ.к., аға оқытушы |
| 15. Аймешов Жеңіс Абдыхалықұлы | Математика кафедрасы, оқытушы |
| 16. Миндетбаева Ақнұр Амангелдіқызы | Н.Оңдасынов атындағы Түркістан мамандандырылған мектеп интернат, ғылым жөніндегі директор орынбасары №23 IT Мектеп-лицейі директоры |
| 17. Азретбергенова Жаңыл Жарылқасынқызы | |
| 18. Ускенова Раушан Аргынгазыевна | Түркістан кәсіби- педагогикалық колледжінің директоры |
| 19. Уалиханова Баян Сапарбековна | Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ «Физика» кафедрасы меңгеруші, PhD |
| 20. Сейлхан Ақниет Апбасқызы | 7M01506-Физика ББ магистранты, 2-курс |
| 21. Дәнебек Ақерке | 7M01507-Биология ББ магистранты, 1-курс |
| 22. Ергешбай Нұрайым Қыдырбайқызы | 6B01513-Биология ББ студенті 3-курс |
| 23. Хабибуллаев Алимжан Гайратұлы | 6B01509-Математика ББ студенті, 4-курс |
| 24. Зұлғар Лаура Музафарқызы | 7M01547-Математика ББ студенті, 2-курс |
| 25. Уәлиханова Алмагүл Шоқанқызы | 8D01503-Физика ББ докторанты, 1-курс |
| 26. Жадыгер Сымбат Мейірбекқызы | 6B01573 – Информатика, АКТ және робототехника ББ студенті, 4-курс |
| 27. Абдулатипов Абдувосит Жумадуллаұлы | 7M01557-Информатика ББ магистранты, 2-курс |
| 28. Уксикбаев Еркебулан Зейнуллаевич | 8D01516-Информатика ББ докторанты, 1 курс |
| 29. Оралбай Нұрай Нұркенқызы | 6B01512-Химия ББ студенті, 4-курс |
| 30. Шерімбекова Айымгүл Полатқызы | 6B01562-Химия-Биология ББ студенті, 2 -курс |
| 31. Диас Сындыбай Ерланұлы | 6B01514 -География БББ студенті, 3 курс |
| 32. Әшім Айман Мұсырманқұлқызы | 6B01510-Физика ББ студенті, 4 -курс |

Қатыспағандар: -

Күн тәртібі:

1. Жаңа әзірленген ББ ішкі және сыртқы сараптаудан өткізу
2. Жаңа әзірленген ББ паспортын әзірлеу, ББ тізілімдемесіне ұсыну, жұмыс берушілермен кездесу, пікілерін тыңдау
3. Әзірленген, жаңартылған ББ-ны Реестрге енгізілуі жайлы

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша АК төрайымы Ә.Х.Сарыбаева: Жаңа әзірленген ББ ішкі және сыртқы сараптаудан өткізу, жаңа әзірленген ББ паспортын әзірлеу, ББ тізілімдемесіне ұсыну, жұмыс берушілермен кездесу, пікілерін тыңдау, әзірленген, жаңартылған ББ-ны Реестрге енгізілуі жайлы бүгінгі күн тәртібінде қаралады. Осы жұмыстардың орындалу барысын баяндау үшін сөз берді.

АК мүшесі, К.А.Катпаева: 6B01510 - Физика білім беру бағдарламасын негіздеудің тиімділіктері мен басымдықтары:

1. Зерттеуге негізделген мұғалім дайындау

Бағдарлама ғылыми негізге сүйеніп оқытуды ұйымдастырады, яғни болашақ мұғалімдер теорияны практикамен байланыстыру үшін зерттеу дағдыларын меңгереді.

2. Оқытушының педагогикалық шеберлігі және сыни ойлау

Мұғалімдер оқу мазмұнын, әдісін және бағалау құралдарын сыни әрі кәсіби түрде таңдай алады. Бұл болашақ мұғалімдерге сыныптағы нақты жағдайларды икемді шешуге, жобалық тапсырмаларды тиімді жоспарлауға мүмкіндік береді.

3. Пәнаралық оқыту

Білім алушылар физика бойынша нақты құбылыстарды зерттей отырып, зерттеушілік сұрақтар қояды; болашақ мұғалімдер жобалар арқылы теория мен практиканы байланыстырады. Бұл болашақ мұғалімдерге 21-ғасыр дағдыларын (критикалық ойлау, коммуникация, командада жұмыс істеу) дамытуға көмектеседі.

4. Пәнді оқытуда инновация мен цифрлық дағды

Жаңа оқыту технологияларын, оқу-жобаларда цифрлық құралдарды жүйелі енгізуге ынталандырады мектептер мен университеттердегі цифрлық лабораториялар, білім платформалары).

5. Бағалауға және білім сапасына көңіл бөлу

Формативті бағалауға, студенттің жеке дамуын қадағалауға, өзін-өзі бағалау қабілеттерін дамытуға басымдық береді.

6B01510-Физика білім беру бағдарламасындағы ерекшелік: педагогикалық компонент пен жалпы физика курстары бойынша практикумдардың енгізілуі, Физикадағы STEM, Физикалық есептер шығару практикумдары, Компьютерлік графика, Тұрақты даму физикасы мен білімі пәндері физиканы терең меңгертуге мүмкіндік беретінін атап айтты.

Білім беру бағдарламасындағы пәндердің өзектілігі, базалық және бейіндік пәндердің ара қатынасын есепке ала отырып талдау жүргізіп, 6B01510-Физика білім беру бағдарламасының сапасын арттыру мақсатында төмендегідей эксперттерден сараптама алынғанын жеткізді:

Миндетбаева Ақнұр Амангелдіқызы - Н.Ондасынов атындағы Түркістан мамандандырылған мектеп интернат, ғылым жөніндегі директор орынбасары;

Азретбергенова Жаңыл Жарылқасынқызы - №23 ІТ Мектеп-лицейі директоры

Ускенова Раушан Аргынгазыевна - Түркістан кәсіби- педагогикалық колледжінің директоры

Уалиханова Баян Сапарбекқызы – Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ, «Физика» кафедрасының меңгерушісі, PhD

Екінші мәселе бойынша, АК мүшесі Н.Шектібаев сөз алып, білім беру бағдарламаларының бәсекеге қабілеттілігі мен сапасын арттыруда жұмыс берушілердің пікірі мен ұсыныстарының маңыздылығын жеткізді. 2024-2025 оқу жылына қабылданатын білімгерлер үшін әзірленген 6B01510-Физика білім беру бағдарламасын жұмыс берушілермен және студенттермен талқылауды ұсынды.

Жұмыс беруші, Н.Ондасынов атындағы Түркістан мамандандырылған мектеп интернат, ғылым жөніндегі директор орынбасары Миндетбаева А.А. сөз алып, білім беру бағдарламасын әзірлеуде орта білім беру мекемелерімен байланыстың қажеттілігін айтты. «Физикадағы STEM» пәні болашақ физика мұғалімдеріне физикалық құбылыстарды пәнаралық интеграция негізінде мектептердегі ғылыми зерттеу жобаларына қатысуға қажетті дағдыларды қалыптастыруға көмегі мол екенін жеткізді.

Жұмыс беруші, №23 ІТ мектеп-лицейі директоры Азретбергенова Ж.Ж. сөз алып, қазіргі мектеп түлектерінің жаһандық құзыреттерге ие болуы қажеттігіне орай, болашақ физика мұғалімдеріне де қойылатын талаптар арта түсуде. 6B01510-Физика білім беру бағдарламасы терең пәндік білімнің негізін қалыптастырып, педагогикалық құзыреттерді дамытады, зерттеушілік және тәжірибелік дағдыларды қалыптастырып, сыни ойлау және инновациялық технологияларды меңгеруге мүмкіндік беретінін жеткізді.

Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ, «Физика» кафедрасының меңгерушісі, PhD Уалиханова Б.С. сөз алып, 6B01510-Физика инновациялық білім беру бағдарламасы болашақ мұғалімдерді ғылыми тұрғыдан құзыретті, әдістемелік тұрғыдан шебер, инновацияға бейім, зерттеушілік қабілеті жоғары маман ретінде қалыптастыруға бағытталғандығын атап көрсетті. 6B01510-Физика инновациялық білім беру бағдарламасы аясында білім алатын студенттер заманауи білім мен ғылымның талаптарына сай, студентке бағытталған және практикаға бағытталған оқыту процесінде білім алу арқылы мол жетістікке жететініне сенім білдірді.

Үшінші мәселе бойынша, АК төрайымы Ә.Х.Сарыбаева сөз алып, әзірленген, Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдерді даярлау АК бағыты бойынша Реестрге ББ енгізілуі жайлы мәліметтері төменде кестеде берілген.

№ АК	Даярлау бағыты	Білім беру бағдарламалары	Мәліметтері
1	6B015 Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдер даярлау	1. 6B01529-Математика(IP)	ББ реестрге салынды
		2. 6B01520-Физика (IP)	ББ реестрге салынды
		3. 6B01521-Информатика(IP)	ББ реестрге салынды
		4. 6B01522-Химия(IP)	ББ реестрге салынды
		5. 6B01562-Химия-Биология (IP)	ББ реестрге салынбайды, жаңартпайды
		6. 6B01523-Биология(IP)	ББ реестрге салынды
		7. 6B01524-География(IP)	ББ реестрге салынды

- 1) ББ реестрге енгізілді, қарастырылуда: 6B01529-Математика(IP), 6B01520-Физика (IP), 6B01522-Химия(IP)
 - 2) ББ реестрге енгізілді: 6B01521-Информатика(IP), 6B01523-Биология(IP), 6B01524-География(IP).
 - 3) ББ реестрге енгізілмейді, жаңартпайды: 6B01562-Химия-Биология (IP)
- 6 Білім беру бағдарламасы жаңартылды, реестрге салынды толық 100 %.

Шешім:

1. ББ әзірлеу және жобалауды ұйымдастыру жолдары тақырыбына ұйымдастырылған семинар нәтижелері қабылданын.
2. Қолданыстағы ББ шеңберінде жұмыс берушілермен ұйымдастырылған кездесудегі пікірлер назарға алынсын.
3. Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдерді даярлау АК бағыты бойынша Реестрге ББ енгізілуі жайлы мәліметтер қабылданын.

Мәжіліс төрайымы:

Хатшысы:

Ә.Х.Сарыбаева

Г.Д.Қошанова